

3. Криптовалютамен қалай табысқа кенелуге болады және бұл үшін не қажет (сілтеме)
<https://bilim-all.kz/article/5668>

Қаржы секторындағы инновациялар мен цифрлы қаржы

А.Ж. Тиштықбаева¹, Р.Қ.Тешебай², А.М. Капуова³

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

^{2,3}«Қаржы» мамандығы бойынша 4 курс студенттері
arnagul@mail.ru; teshebairanu@mail.ru; azizakapuova@gmail.com;

^{1,2,3}академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: мақала тақырыбы қазірге таңда өзекті болып табылады, себебі қазіргі әлемде инновациялар мен цифрлық технологиялар ел экономикасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялар бірқатар артықшылықтарға ие болды: халық пен бизнестің мемлекеттік қызметтерге қол жеткізілуін оңайлатып, ақпарат алмасуды жеделдетті, бизнес жүргізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Цифрландыру үрдісі мемлекетіміздің экономикасы үшін, оның ішінде цифрлық технологияларды пайдалануда қаржы секторының түбегейлі жаңа бағытқа инновациялық болашақтың цифрлық экономикасына көшуі үшін жағдайлар жасайды. Қаржы саласы үшін ол ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету, адами капиталды дамыту деңгейін арттыру, инновациялық даму институттарын құру және тұтастай алғанда цифрлық экожүйені прогрессивті дамыту есебінен елдің цифрлық трансформациясын іске қосу болып табылады. Қаржы секторы Қазақстанда цифрлы технологияларды пайдалануда көшбасшы салалардың бірі және бүгінгі таңда еліміздегі қаржы секторы цифрлы технологияларды пайдалану саласында экономиканың барынша өрлеуші саласы деп есептеледі.

Кілт сөздер: цифрландыру, технологиялар, модельдеу, инновациялар, цифрлы қаржы, диджиталдану, интерфейстер, мобильді банкинг.

Қаржы секторы Қазақстанда цифрлы технологияларды пайдалануда көшбасшы салалардың бірі және бүгінгі таңда еліміздегі қаржы секторы цифрлы технологияларды пайдалану саласында экономиканың барынша өрлеуші саласы деп есептеледі.

Ұлттық «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде бұл реттеуші нарықтың «диджиталдану» деңгейін одан да биік көтеретін бірқатар жобаны іске асыруға бағытталып отыр[1].

Жалпы, қаржы секторында инновациялар мен цифрлы қаржы және басты шешімдер әр кезде белсенді қолданылды және қолданылуда. Бұл қаржы ұйымдарында ақпараттың, деректердің үлкен көлемінің пайдаланылуына байланысты және ақша мен ақпараттық ағынға тиімді қызмет көрсету қажеттілігі қаржы ұйымдарынан ақпараттандыру саласындағы жаңа жетістіктерді қолдануды әрдайым талап етеді. Бұдан басқа, банк жүйесінде қолданылатын ақшаның қолма-қол ақшасыз нысаны кез келген жоғары технологиялық, электронды және мобильді технологияларды барынша тез енгізуге мүмкіндік береді.

Заманауи жоғары технологиялық шешімдерді пайдалану банктерге және басқа қаржы ұйымдарына өз шығындарын және клиенттердің шығыстарын барынша азайтуға, банктерге бармай-ақ бір мезгілде қызметті барынша шұғыл және сапалы деңгейде ұсынуға мүмкіндік береді. Яғни IT-сервистерді пайдалану қаржы қызмет көрсетудің негізінде тұр. Сондықтан қаржы нарығындағы бәсекелестіктің маңызды құрауышы болып табылады.

Қазақстандықтардың интернет-банкінгі және қашықтан банктік қызмет көрсетудің басқа жүйелерін пайдалану статистикасына тоқталатын болсақ, соңғы бірнеше жылда қашықтан қызмет көрсету сегменттері дамудың маңызды жетістіктерін көрсетуде. Интернет пен мобильді банкінгі төлем саласын цифрландырудың озық үрдістері деп сенімді атауға болады. Бүгінде Қазақстанның шамамен барлық банктерінде қашықтан жүргізілетін банкинг

жүйесі бар. Мобильді банкинг сервистерін банктердің 75%-ы (25 ЕДБ) ұсынады, бұл банктердің барлық клиенттік базасының шамамен 90%-ін қамтиды. Мобильді және интернет-банкинг жүйелерінде бүгін 12 млн-ға жуық пайдаланушы тіркелген, олардың үштен бір бөлігіне жуығы (26%) операцияларды үнемі жүргізеді. Күн сайын халық цифрлы банкинг арқылы 7 млрд теңге сомада төлем карточкалары бойынша 500 мың операция жүргізеді. Заңды тұлғалардың қаржылық операцияларының 74%-і қашықтан ұсынылатын сервистер арқылы да өтеді[2].

Осылайша егер 2018 жылы халықтың цифрлы арналар арқылы төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген төлемдерінің өсуі 2,6 есе (400,1 млрд теңгеге дейін) болса, ал 2021 жылы осындай төлемдердің көлемі 3 еседен астам өсті (1,2 трлн теңге болды). 2021 жылғы бірінші жартыжылдықта халықтың төлем карточкаларын пайдалана отырып қашықтан ұсынылатын арналар арқылы операцияларының көлемі 2018 жылғы осындай кезеңдегі көрсеткіштерден 2 есе асып, 1,2 трлн теңге сомада 80,3 млн операция деңгейіне жетті.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асыру шегінде Ұлттық Банктің алдында келесідей басты міндеттер айқындалған:

– «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Ұлттық Банк нарықты одан әрі дамыту бойынша бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобаларды көздейді. Бүгін банктермен және басқа қаржы ұйымдарымен бірлесе отырып клиенттерді қашықтан сәйкестендіру тетігін енгізу, мобильді телефонның нөмірі бойынша мезеттік төлемдер жүйесін құру, мемлекеттік органдармен электронды өзара іс-қимыл, онлайн-сақтандыру, өзара іс-қимылдың ашық бағдарламалық интерфейстерінің көмегімен инновацияларға өту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі кезде банкте кез келген қызметті тұтыну үшін клиент келу тәртібімен сәйкестендіруден өту қажет. Қашықтан сәйкестендіру сервисінің арқасында банктік шотты қашықтан ашу және банкке барусыз басқа қажетті қызметті алу мүмкіндігі жасалады. Бұл тетікті биометрияны және мемлекеттік дерекқорды пайдалану негізінде іске асыру ұсынылады.

Онлайн-сақтандыруды енгізу нәтижесінде халық офиске барусыз және агенттің қатысуынсыз сақтандыру компанияларының интернет-ресурстары арқылы сақтандыру шарттарын жасасу мүмкіндігін алады. Онлайн-сақтандыру географиялық қолжетімділікті қамтамасыз етеді және халық пен бизнес үшін сақтандыру қызметінің құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Сақтандыру мен төлемдердің рәсімдерін қысқарту көзделеді. Мысалы, сақтанушылардан алынатын өтініштерді онлайн-қарау, қажетті құжаттарды электронды форматта алу және жөнелту мүмкіндігі есебінен бұл барлық бизнес-процестерді жеделдетуге бірталай мүмкіндік береді.

Қаржы ұйымдарының мемлекеттік органдармен электронды өзара іс-қимылы бойынша жобалары маңызды бағыт. Бүгінде қаржылық қызметті көрсету үшін банктер қағаз тасымалдағышта клиенттерден түрлі анықтамаларды және растауды талап етеді, ал бұл ақпарат пен мәліметтер мемлекеттік органдардың жүйелерінде бар және қаржы ұйымдары оны тікелей мемлекеттік дерекқордан ала алар еді. Клиенттерден қағаздағы анықтамаларды талап етуді жою және ақпаратпен электронды алмасу үшін Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен бірлесе отырып жұмыс тобы құрылды, тиісті жол картасы шегінде жұмыс жүргізілуде[3].

Қазақстанда мезеттік төлемдер жүйесін құру кез келген банктердің клиенттері арасында мезеттік режимде қысқартылған сәйкестендіру – мобильді телефон нөмірі бойынша төлемдерді жүргізуге және ақшаны аударуға мүмкіндік береді. Қорытындысында тұтынушы қашықтан банктік қызмет көрсетудің түрлі арналарын пайдалана отырып банкке және төлем жүйесіне қарамастан, кез келген басқа тұлғаға тәулік бойы төлем жүргізу және ақша аудару мүмкіндігін алады. Ал шағын және орта бизнес қаражаттың айналымы жеделдеуінен және төлем қызметінің шығыстары төмендеуінен ұтады. Қазіргі кезде Ұлттық Банк жекелеген екінші деңгейдегі банктермен бірлесе отырып тиісті технологиялық платформаны тестілеуде. Ағымдағы жылғы үшінші тоқсанда жүйені қанатқақты режимде іске қосу жоспарланып отыр.

Ашық интерфейстер арқылы инновацияны әзірлеушілер түрлі банктік жүйелермен ықпалдаса және клиенттің сұратуы бойынша бір арна, мысалы, мобильді қосымша арқылы сервистердің жиынтығын (әзірлеушіден сияқты басқа банктерден де) ұсына алады. Осы жоба бойынша бағдарламалық интерфейстерге технологиялық талаптармен стандарттарды әзірлеу, келісу және енгізу талап етіледі.

Осылайша Қазақстанның қаржы секторында цифрлы қызметті кеңейту үшін мүмкіндіктер мен ынталандыруды жасау Ұлттық Банктің аталған бастамаларының міндеті болмақ. Нәтижесінде қаржылық қызметті қашықтан алу, банктік сияқты мемлекеттік сервистерде де «қағазсыз» қызмет көрсетуге өту, қызметтердің деңгейін және халыққа оның қолжетімділігін сапалы арттыруға жағдай жасалады. Төлемдер мен ақша аударымдарын тез және қолайлы тәсілмен, цифрлы технологиялардың «осы жерде және қазір» деген талаптарына сай жүргізу мүмкін болады.

– Интернет-банкингті, банктік қызмет көрсетудің қашықтан ұсынылатын жүйелерін пайдалану қолайлы ғана емес, киберқауіппен байланысты белгілі тәуекелдер де бар. Қазақстанның банктері және қаржы секторының басқа қатысушылары киберқылмыскерлердің қол сұғуына қаншалықты тап болады:

– Жаңа талаптарға сәйкес ағымдағы жылғы сәуірден бастап банктер тоқсан сайын кибер оқыс оқиғалар туралы Ұлттық Банкке мәліметтер ұсынуға міндетті. Қазіргі кезде банктерден алғашқы тоқсандық есептерді алу және талдау жүргізілуде. Келіп түсетін ақпараттан қаржы секторына үнемі шабуыл жасалатыны туралы қорытынды жасауға болады. Жай ғана шабуылдан күрделі шабуылға дейін. Алайда банктердегі ақпараттық қауіпсіздік қызметтері кәсіптік тұрғыдан дайындалғанын, жабдықталғанын атап өткен жөн. Бұл кибер шабуылдарға ойдағыдай тосқауыл қоюға және ақпараттық қауіпсіздіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Қаржы нарығының ойыншылары реттеушімен жаңа заманауи технологияларды пайдалана отырып, клиентті қашықтан сәйкестендірудің жаңа жүйелерін енгізу мәселелерін талқылай алады ма; Мысалы, адамның бет-әлпетін, көздің сыртқы мөлдір қабығын ажырату жүйелері және т.б.

– Қазірдің өзінде Қазақстанның банктері биометрияны пайдалануға негізделген технологиялық шешімдерді (саусақтың бедерін, адамның дауысы мен бет-әлпетін ажырату) клиенттерге қызмет көрсету кезінде қолданады. Алайда бұдан бұрын айтылғандай, бүгінде банктік сервистерді бастапқы алу клиенттің жеке өзі қатысып, болуын талап етеді. Сондықтан клиенттерді қашықтан сәйкестендірудің болуы – цифрлы қаржылық экожүйені құрудың фундаменти мен негізі. Ұлттық Банк осы бағыттағы жұмысты банктермен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып өткен жылдан бастап жүргізуде. Бастапқы сатыда жүйе адамның бет-әлпетін ажырату сияқты биометрикалық көрсеткіш арқылы клиенттерді сәйкестендіруге негізделетін болады. Клиенттің жеке басын растау үшін мемлекеттік дерекқорлардан алынған мәліметтер пайдаланылады. Қазіргі кезде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жобаны іске асырудың техникалық мәселелері жетілдірілуде.

– Бүгінгі нарықта келешекте дәстүрлі банктік құрылымдарға маңызды бәсекелес болатын көптеген қаржылық техникалық компаниялар пайда болуда. Цифрлы технологиялардың белсенді дамуы іс-жүзінде қызметті көрсетудің бизнес үлгісі өзгеруіне, нарықта жаңа қатысушылар және нарықтың тұтастай сегменттері пайда болуына әкелді. Ұлттық Банк орын алып отырған өзгерістерді аса назар қойып қадағалап отыр. Қаржылық техникалық компаниялар деп аталатындар P2P-кредиттеу, инвестициялау (краудфандинг), төлемдер, үлкен деректерді талдау, блокчейн технологиясын пайдалану және басқа бағыттар саласында қолжетімді қызмет көрсете алатынына үмітті.

Қазақстанның төлем нарығында қызметті ұсынатын жаңа ойыншыларға қатысты Ұлттық Банк 2018 жылы қажетті құқықтық базаны жасады және бүгінгі күні оған қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» жаңа заңға сәйкес төлем қызметін көрсететін барлық субъектілерде төлем қызметін берушілер мәртебесі болуы

тиіс. Банктік емес қатысушылар төлем ұйымдарына жатқызылды және өз қызметін бастар алдында Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өтуі тиіс. Қазақстанда бүгінде 40 - тан астам төлем ұйымы тіркелген және бұлар Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылған тиісті тізіліміне енгізілген. Оларға төлем терминалдары желісінің банктік емес операторлары, электронды ақша жүйесінің операторлары, клиенттердің мобильді/электронды төлемдерін өңдеу жөніндегі процессингтік және басқа компаниялар жатады[4].

Әрине, қай салада болмасын қандай да бір инновацияны енгізу іс-шараның ойдағыдай шығуында белгісіздікпен және күмәнмен байланысты. Сондықтан қаржы нарығы мен тұтынушылар үшін тәуекелдер әкелетін инновациялық жобаларды тестілеу үшін халықаралық тәжірибеде «реттеу орталары» деп аталатын реттеуіш және реттеу таралуда. Арнайы режим (эксперимент) кезеңінде осындай «реттеу ортасына» қатысушылар инновациялық қызметтерді, технологияларды және шешімдерді шектелген ортада тестілеуге арналған реттеуіш нормативтік талаптардан толық не ішінара босатылуы мүмкін. Қазақстан Ұлттық Банкі заңнамаға сәйкес, қаржы ресурстарын шоғырландыру немесе төлем қызметін көрсету бойынша қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін реттеудің «арнайы» режимін белгілеу жөніндегі өкілеттікке ие.

Қазіргі кезде Ұлттық Банкте реттеудің арнайы режимінің талаптарын және әлеуетті қатысушыларға талаптарды/өлшем шарттарды белгілейтін құжаттарды әзірлеу жүргізілуде. Осындай алаңның болуы жаңа ойыншыларға өз шешімдерін қауіпсіз режимде саралауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Ал реттеуші жаңа қаржылық өнімдердің пайда болуын бақылай алады, оның дамуына мониторинг пен бақылауды жүргізе алады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.-2020.-09 желтоқсан.
2. Төлем карточкалары және электрондық банк қызметтері [Электрондық ресурс] //
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. - Қол жеткізу режимі: nationalbank.kz/ru/news/elektronnye_bankovskie-uslugi?page=1 (қол жеткізілген күні: 05.10.2021).
4. TOP 10 Digital banking trends for 2022 – Изменение банковского ландшафта /Интернет ресурс: <https://geniusee.com/single-blog/digital-banking-trends>.
5. <https://nationalbank.kz/ru>

Банк секторындағы цифрландыру бағыттары

А.Ж.Тиштыкбаева¹, П.Қ.Эргашова², А.А.Молдабаева³

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

^{2,3}«Қаржы» мамандығы бойынша 3 курс студенттері

arnagul0707@mail.ru, ergeshova_zh@mail.ru, amoldabaeva35@mail.ru

^{1,2,3}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: бұл мақалада қазіргі таңдағы өзекті тақырып – ұлттық экономиканы цифрландыру және банк саласындағы технологиялық инновациялардың даму деңгейі туралы қарастырылады. Еліміздің цифрлық экономика жағдайында банк секторының жұмыс істеу ерекшелігіне және олардың қызметі процесінде туындайтын негізгі проблемаларға шолу жасалады. Қаржылық технологиялар, әлемдік үрдістер және олардың артықшылықтарын атап өтіп, елімізге тиімдісі және қажеттілігі анықталады. Қазақстан Республикасының банк жүйесін цифрландырудағы басымдықтар, қоғамның цифрлық трансформациясының даму перспективалары мен проблемалары талқыланады. Соңғы жылдардағы даму көрсеткіштері мен болашаққа болжамдары айқындалады.